

"Ерікті түрде және мәжбүрлеп таратылатын банктердің, қызметі ерікті түрде және мәжбүрлеп тоқтатылатын Қазақстан Республикасының бейрезидент-банктері филиалдарының тарату комиссияларының есеп және қосымша ақпарат беру нысанын, мерзімдері мен кезеңділігін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 2020 жылғы 14 желтоқсандағы № 116 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 2025 жылғы 26 ақпандағы № 7 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2025 жылғы 28 ақпанда № 35759 болып тіркелді

Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің Басқармасы ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Ерікті түрде және мәжбүрлеп таратылатын банктердің, қызметі ерікті түрде және мәжбүрлеп тоқтатылатын Қазақстан Республикасының бейрезидент-банктері филиалдарының тарату комиссияларының есеп және қосымша ақпарат беру нысанын, мерзімдері мен кезеңділігін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 2020 жылғы 14 желтоқсандағы № 116 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21834 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Ерікті түрде және мәжбүрлеп таратылатын банктердің, қызметі ерікті түрде және мәжбүрлеп тоқтатылатын Қазақстан Республикасының бейрезидент-банктері филиалдарының тарату комиссияларының есептер және қосымша ақпарат беру нысандарын, мерзімдері мен кезеңділігін бекіту туралы";

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Ерікті түрде және мәжбүрлеп таратылатын банктердің (бұдан әрі – таратылатын банк) және қызметі ерікті түрде және мәжбүрлеп тоқтатылатын Қазақстан Республикасының бейрезидент-банктері филиалдарының (бұдан әрі – қызметі тоқтатылатын Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкінің филиалы) тарату комиссиялары ұсынатын есептері мен қосымша ақпараттың мынадай нысандары, мерзімдері және кезеңділігі бекітілсін:

- 1) осы қаулыға 1-қосымшаға сәйкес таратылатын банктің балансының нысаны;
- 2) осы қаулыға 2-қосымшаға сәйкес таратылатын банк активтерінің жай-күйі туралы есептің нысаны;
- 3) осы қаулыға 3-қосымшаға сәйкес таратылатын банк міндеттемелерінің жай-күйі туралы есептің нысаны;

4) осы қаулыға 4-қосымшаға сәйкес қызметі тоқтатылатын Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкі филиалының активтері мен міндеттемелері туралы есептің нысаны;

5) осы қаулыға 5-қосымшаға сәйкес таратылатын банктің, қызметі тоқтатылатын Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкі филиалының касса және ағымдағы шоттар бойынша ақша қалдықтары және қозғалысы туралы есептің нысаны;

6) осы қаулыға 6-қосымшаға сәйкес таратылатын банктің, қызметі тоқтатылатын Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкі филиалының дебиторлық берешегінің жай-күйі туралы есептің нысаны;

7) осы қаулыға 7-қосымшаға сәйкес таратылатын банктің, қызметі тоқтатылатын Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкі филиалының кепіл мүлкінің жай-күйі туралы есептің нысаны;

8) осы қаулыға 8-қосымшаға сәйкес таратылатын банктің, қызметі тоқтатылатын Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкі филиалының меншікті мүлкінің жай-күйі туралы есептің нысаны;

9) осы қаулыға 9-қосымшаға сәйкес тарату комиссиясы жалға беретін мүлік туралы есептің нысаны;

10) осы қаулыға 10-қосымшаға сәйкес таратылатын банктің, қызметі тоқтатылатын Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкі филиалының тарату комиссиясы жүргізген шығыстар туралы есептің нысаны;

11) осы қаулыға 11-қосымшаға сәйкес тарату комиссиясына өтеулі қызмет көрсету шарттары бойынша қызмет көрсететін қызметкерлер мен тұлғалардың саны туралы есептің нысаны;

12) осы қаулыға 12-қосымшаға сәйкес таратылатын банк, қызметі тоқтатылатын Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкінің филиалы кредиторларының шағымдар (өтініштер) беру үшін белгіленген мерзім өткеннен кейін мәлімделген, кредиторлар талаптарының тізіліміне енгізілмеген талаптарын есепке алу журналының нысаны;

13) осы қаулыға 13-қосымшаға сәйкес таратылатын банктің, қызметі тоқтатылатын Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкі филиалының дебиторлық берешегін өндіріп алу және кепіл мүлкінің жай-күйі туралы есептің нысаны;

14) осы қаулыға 14-қосымшаға сәйкес таратылатын банктің, қызметі тоқтатылатын Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкі филиалының тарату комиссиясының басшы қызметкерлеріне, борышкерлеріне, тәрағасына, мүшелеріне немесе қызметкерлеріне қатысты қозғалған қылмыстық істер туралы есептің нысаны;

15) осы қаулыға 15-қосымшаға сәйкес таратылатын банктің аралық тарату балансының нысаны;

16) осы қаулыға 16-қосымшаға сәйкес тарату процесі басталардағы жағдай бойынша таратылатын банктің, қызметі тоқтатылатын Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкі филиалының кредиторлары тізімінің нысаны;

17) осы қаулыға 17-қосымшаға сәйкес таратылатын банктің, қызметі тоқтатылатын Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкі филиалының кредиторлары мәлімдеген шағымдарды (өтініштерді) есепке алу журналының нысаны;

18) осы қаулыға 18-қосымшаға сәйкес таратылатын банктің, қызметі тоқтатылатын Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкі филиалының талап етілмеген кредиторлық берешегін есепке алу журналының нысаны;

19) осы қаулыға 19-қосымшаға сәйкес таратылатын банктің, қызметі тоқтатылатын Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкі филиалының меншікті мүлкін есепке алу журналының нысаны;

20) осы қаулыға 20-қосымшаға сәйкес таратылатын банктің, қызметі тоқтатылатын Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкі филиалының дебиторлық берешегін есепке алу журналының нысаны;

21) осы қаулыға 21-қосымшаға сәйкес кредиторлар талаптарының тізілімінің нысаны;

22) осы қаулыға 22-қосымшаға сәйкес кредиторлар талаптарының тізіліміне өзгерістер және (немесе) толықтырулар нысаны;

23) осы қаулыға 23-қосымшаға сәйкес таратылатын банктің тарату балансының нысаны.";

3, 4, 5 және 6-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Ай сайынғы және жартыжылдық есеп қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау мен қадағалау жөніндегі уәкілетті органға (бұдан әрі – уәкілетті орган) есепті айдан кейінгі айдың 8 (сегізінші) күнінен кешіктірілмей ұсынылады.

Жылдық есеп уәкілетті органға есепті жылдан кейінгі жылдың 30 (отзынышы) қаңтарынан кешіктірілмей ұсынылады.

Егер есептерді ұсыну мерзімінің соңғы күні жұмыс күні емес күнге келсе, онда мерзім келесі жұмыс күніне ауыстырылады.

Есептердің нысандары мен қосымша ақпарат уәкілетті органға қағаз жеткізгіште және электрондық турде ұсынылады.

4. Ай сайынғы есепте мыналар қамтылады:

1) таратылатын банк үшін: осы қаулының 1-тармағының 1), 2), 3), 5), 6), 7), 8), 9), 10), 11) және 12) тармақшаларында көзделген есептер;

2) қызметі тоқтатылатын Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкінің филиалы үшін: осы қаулының 1-тармағының 4), 5), 6), 7), 8), 9), 10), 11) және 12) тармақшаларында көзделген есептер;

3) осы қаулының 6-тармағында көрсетілген ақпаратты қамтитын, есепті кезеңдегі таратылатын банктегі, қызметі тоқтатылатын Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкі филиалындағы тарату процесінің жай - күйі туралы түсіндірме жазба (бұдан әрі-түсіндірме жазба).

Ай сайынғы есептің есептің күні есептің айдан кейінгі айдың бірінші күні болып табылады. Күнтізбелік 1 (бір) ай есепті кезең болып есептеледі.

5. Бірінші жартыжылдықтағы есепте мыналар қамтылады:

1) таратылатын банк үшін: осы қаулының 1-тармағының 1), 2), 3), 5), 6), 7), 8), 9), 10), 11), 12), 13) және 14) тармақшаларында көзделген есептер;

2) қызметі тоқтатылатын Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкінің филиалы үшін: осы қаулының 1-тармағының 4), 5), 6), 7), 8), 9), 10), 11), 12), 13) және 14) тармақшаларында көзделген есептер;

3) осы қаулының 6-тармағында көрсетілген ақпаратты қамтитын түсіндірме жазба.

Бірінші жартыжылдық үшін есептің есептің күні 1 (бірінші) шілде болып табылады. Жартыжылдық есеп үшін 1 (бірінші) қаңтардан бастап 30 (отзынышы) маусымға дейінгі бірінші жартыжылдық есепті кезең болып табылады.

Екінші жартыжылдықта орындалған жұмыс туралы есеп ұсынылмайды.

6. Жылдық есепте мыналар қамтылады:

1) таратылатын банк үшін: осы қаулының 1-тармағының 1), 2), 3), 5), 6), 7), 8), 9), 10), 11), 12), 13) және 14) тармақшаларында көзделген есептер;

2) қызметі тоқтатылатын Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкінің филиалы үшін: осы қаулының 1-тармағының 4), 5), 6), 7), 8), 9), 10), 11), 12), 13) және 14) тармақшаларында көзделген есептер;

3) осы қаулының 6-тармағында көрсетілген ақпаратты қамтитын түсіндірме жазба.

Есепті жылдан кейінгі жылдың 1 (бірінші) қаңтары жылдық есептің есептің күні болып табылады. 1 (бірінші) қаңтардан бастап 31 (отыз бірінші) желтоқсанға дейінгі күнтізбелік жыл жылдық есеп үшін есепті кезең болып табылады.";

8-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"8. Осы қаулының 1-тармағының 15) тармақшасында көзделген аралық тарату балансы немесе қызметі тоқтатылатын Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкі филиалының осы қаулының 1-тармағының 4) тармақшасында көзделген активтері мен міндеттемелері туралы есеп мынадай құжаттардың негізінде жасалады:

1) таратылатын банктің, қызметі тоқтатылатын Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкі филиалының баланстық шоттарына жеке шоттар, талдамалық және синтетикалық есебінің тіркелімдері;

2) таратылатын банктің, қызметі тоқтатылатын Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкі филиалының бухгалтерлік және заң құжаттарын, активтері мен міндеттемелерін түгендеу актілері;

3) тарату процесі басталардағы жағдай бойынша барлық баланстық шоттардың толық жазылуы;

4) таратылатын банктің, қызметі тоқтатылатын Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкі филиалының тарату процесі басталардағы жағдай бойынша баланstan тыс шоттары бойынша деректер.";

11-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"11. Осы қаулының 1-тармағының 22) тармақшасында көзделген кредиторлар талаптарының тізіліміне өзгерістер және (немесе) толықтырулар тарату комиссиясы кредиторлар талаптарының тізіліміне өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу туралы шешім қабылдаған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде ресімделеді.";

13, 14, 15 және 15-1-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"13. Осы қаулының 1-тармағының 23) тармақшасында көзделген таратылатын банктің тарату балансы тарату комиссиясы таратылатын банктің істерін аяқтау жөніндегі іс-шараларды толық көлемде өткізгеннен кейін қалыптастырылады.

Банкті, Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкінің филиалын тарату туралы есепте:

1) банкті тарату, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкі филиалының қызметін тоқтату туралы шешім қабылданған күн және оны қабылдаған орган;

2) уақытша әкімшіліктің (таратылатын банкті мәжбүрлеп тарату кезінде) және тарату комиссиясының тағайындалғаны, тарату комиссиясы құрамының өзгергені;

3) бірінші кезектегі іс-шаралардың орындалғаны, аралық тарату балансының, тарату туралы аралық есептің жасалғаны және бекітілгені;

4) таратылатын банктің, қызметін тоқтататын Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкі филиалының кредиторлары комитетінің құрылғаны, бекітілгені және жұмыс істеуі;

5) таратылатын банк, қызметін тоқтататын Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкінің филиалы активтерінің тарату процесі басталғандағы жай-күйі;

6) таратылатын банктің, қызметін тоқтататын Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкі филиалының борышкерлерінен дебиторлық берешекті өндіріп алу бойынша жүргізілген іс-шаралар;

7) таратылатын банктің, қызметін тоқтататын Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкі филиалының мұлкін сату бойынша жүргізілген іс-шаралар;

8) таратылатын банктің, қызметін тоқтататын Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкі филиалының ағымдағы шоттары және кассасы бойынша ақша қалдығы және қозғалысы;

9) таратылатын банктің, қызметін тоқтататын Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкі филиалының тарату процесі басталған күнгі жағдай бойынша міндеттемелері;

10) таратылатын банктің, қызметін тоқтататын Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкі филиалының кредиторларының алдындағы міндеттемелердің орындалуы туралы ақпарат қамтылады.

Банкті, Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкінің филиалын тарату туралы есепке таратылатын банк филиалдарының (өкілдіктерінің) есептік тіркеуден шығарылғанын, таратылатын банктің, қызметін тоқтататын Қазақстан

Республикасының бейрезидент-банкі филиалының тұрақты сақтауға жататын құжаттарын таратылатын банктің, қызметін тоқтататын Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкі филиалының орналасқан жері бойынша мемлекеттік архивтерге реттелген тәртіпте сақтауға өткізілгенін растайтын құжаттардың көшірмелері қоса беріледі.

14. Банкті, Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкінің филиалын тарату туралы есеп және таратылатын банктің тарату балансы келісу (банкті мәжбүрлеп тарату кезінде) немесе бекіту (Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкі филиалының қызметін мәжбүрлеп тоқтату кезінде), немесе таратылатын банк акционерлерінің жалпы жиналысы, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкінің уәкілетті органы бекіткенге дейін қарau үшін (Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкі филиалының қызметін ерікті түрде тарату, ерікті түрде тоқтату кезінде) уәкілетті органға бір данада ұсынылады.

Уәкілетті орган Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкі филиалының қызметін мәжбүрлеп тоқтату рәсімін аяқтау туралы шешімді келіседі (банкті мәжбүрлеп тарату кезінде) немесе бекітеді және шешім қабылдайды (Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкі филиалының қызметі мәжбүрлеп тоқтатылған кезде), немесе банкті, Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкінің филиалын тарату туралы есепті (Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкінің филиалын ерікті түрде тарату, қызметі ерікті түрде тоқтатылған кезде) және таратылатын банктің тарату балансын олар келіп түскен күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде қарайды.

Банкті, Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкінің филиалын тарату туралы есеп, таратылатын банктің тарату балансы келісілгеннен (мәжбүрлеп тарату кезінде), бекітілгеннен (бейрезидент-банк филиалының қызметі мәжбүрлеп тоқтатылған кезде) немесе қаралғаннан кейін (ерікті түрде тарату, қызметті ерікті түрде тоқтату кезінде) тарату комиссиясына қайтарылады, олардың көшірмелері уәкілетті органда қалады.

15. Тарату комиссиясы:

1) мәжбүрлеп таратылатын банктің – уәкілетті органмен келісілгеннен кейін 5 (бес) жұмыс күні ішінде таратылатын банктің тарату туралы есебін және тарату балансын бекіту үшін сотқа ұсынады;

2) ерікті түрде таратылатын банктің – уәкілетті орган қарағаннан кейін 10 (он) жұмыс күні ішінде таратылатын банктің тарату туралы есебін және тарату балансын акционерлердің (жалғыз акционердің) жалпы жиналысына бекітуге шығарады.

Мәжбүрлеп таратылатын банктің тарату комиссиясы сотқа тарату туралы есепті ұсынғаннан кейін ай сайын, сотқа тарату туралы есеп ұсынылған айдан кейінгі айдың 8 -інен (сегізінен) кешіктірмей уәкілетті органға оның сотта қаралу барысы туралы ақпарат ұсынады.

Тарату комиссиясы бекітілген таратылатын банктің тарату туралы есебінің және тарату балансының бекітілген көшірмелерін уәкілетті органға "Қазақстан

"Республикасындағы банктар және банк қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 73-бабы 7-тармағында белгіленген мерзімдерде ұсынады.

15-1. Қызметі ерікті түрде тоқтатылатын Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкі филиалының тарату комиссиясы уәкілетті орган қарағаннан кейін 10 (он) жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкінің филиалын тарату туралы есепті Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкінің уәкілетті органына бекітуге шығарады.

Қызметі ерікті түрде тоқтатылатын Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкі филиалының тарату комиссиясы "Қазақстан Республикасындағы банктар және банк қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 69-бабының 6-тармағында белгіленген мерзімдерде уәкілетті органға қызметі тоқтатылатын Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкі филиалының тарату туралы бекітілген есебінің, сондай-ақ активтері мен міндеттемелері туралы есептің көшірмесін ұсынады.;"

1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 20, 21, 22 және 23-қосымшалар осы қаулыға 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 20, 21, 22 және 23-қосымшаларға сәйкес редакцияда жазылсын.

2. Банктарді реттеу департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) Заң департаментімен бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы қаулыны ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;

3) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Заң департаментіне осы тармақтың 2) тармақшасында көзделген іс-шараның орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Төрағасының жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Қаржы нарығын реттеу және
дамыту Агенттігінің Төрағасы

M. Абылқасымова

"КЕЛІСІЛГЕН"
Қазақстан Республикасы
Стратегиялық жоспарлау
және реформалар агенттігінің
Ұлттық статистика бюросы

Қазақстан Республикасының
Қаржы нарығын реттеу және

дамыту Агенттігінің
 Басқармасының
 2025 жылғы 26 ақпандасы
 № 7 Қаулысына
 1-қосымша
 Қазақстан Республикасы
 Қаржы нарығын реттеу және
 дамыту агенттігі
 Басқармасының
 2020 жылғы 14 желтоқсандағы
 № 116 қаулысына
 1-қосымша
 Әкімшілік деректерді
 жинауга арналған
 нысан

Ұсынылады: қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органға

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауга арналған нысан интернет – ресурста орналастырылған: www.gov.kz/memleket/entities/ardfm

Әкімшілік нысанның атауы: Таратылатын банктің балансы

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауга арналған нысанның индексі: F1-LKB

Кезеңділігі: ай сайынғы, жартыжылдық, жылдық

Есепті кезең: 20 ____ " ____ " _____ " жағдай бойынша

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауга арналған нысанды ұсынатын адамдар тобы: таратылатын банктердің тарату комиссиялары

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауга арналған нысанды ұсыну мерзімі:

ай сайынғы есеп - есептің айдан кейінгі айдың 8 (сегізінші) күнінен кешіктірілмей ұсынылады;

бірінші жартыжылдық үшін есеп - 8 (сегізінші) шілдеден кешіктірілмей ұсынылады;

жылдық есеп - есептің жылдан кейінгі жылдың 30 (отзынышы) қаңтарынан кешіктірілмей ұсынылады

Бизнес сәйкестендіру номері _____

Жинау әдісі: қағаз жеткізгіште және электронды түрде

Нысан

Таратылатын банктің балансы

(мың теңгемен)

№	Көрсеткіштер	Есептің күнгі жағдай бойынша
1	2	3
	АКТИВТЕР	
1.	Ақша және оның баламалары	
2.	Таратылатын банктегі қаражат және оның баламалары	

3.	Бағалы қағаздар, оның ішінде есептелген сыйакы	
4.	Клиенттерге берілген қарыздар	
5.	Сатуға арналған ұзак мерзімді активтер	
6.	Негізгі қаражат, материалдық емес активтер және басқа да қорлар	
7.	Басқа да активтер Активтер бойынша жиынтығы:	
	МИНДЕТТЕМЕЛЕР	
1	Басқа банктердің корреспонденттік шоттары және салымдары	
2.	Басқа банктерден және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардан алынған қарыздар	
3.	Клиенттердің қаражаты	
3.1	Жеке тұлғалар	
3.2	Занды тұлғалар	
3.3	Квазимемлекеттік сектор	
4.	Кейінге қалдырылған салық міндеттемелері	
5.	Басқа да міндеттемелер Міндеттемелер бойынша жиынтығы	
	МЕНШІКТІ КАПИТАЛ	
1.	Жарғылық капитал	
2.	Резервтік капитал және қайта бағалау резервтері	
3.	Бөлінбegen таза пайда (өтелмеген шығын)	
	Меншікті капитал бойынша жиынтығы	

Атауы _____ Мекенжайы _____

Телефоны _____

Электрондық пошта мекенжайы _____

Орындаушы _____

тегі, аты және әкесінің аты (ол бар болса) қолы, телефоны

Бас бухгалтер немесе есепке қол қоюға уәкілетті адам

_____ тегі, аты және әкесінің аты (ол бар болса) қолы, телефон

Төраға немесе есепке қол қоюға уәкілетті адам

тегі, аты және әкесінің аты (ол бар болса) қолы, телефон

Күні 20 жылғы " _____ "

Таратылатын банктің
балансы нысанына
қосымша

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізінде жинауға арналған нысанын толтыру жөніндегі түсіндірме

Таратылатын банктің балансы (индексі: F1-LKB, кезеңділігі: ай сайын, жартыжылдық, жылдық)

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірме (бұдан әрі – Түсіндірме) "Таратылатын банктің балансы" нысанын (бұдан әрі – Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптарды айқындаиды.
2. Нысан "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 74-4-бабы 1-тармағының 2) тармақшасына сәйкес әзірленді.
3. Нысанды жасау кезінде пайдаланылатын өлшем бірлігі теңгемен белгіленеді.
4. Нысанға тарату комиссиясының төрағасы, бас бухгалтер немесе есепке қол қоюға уәкілетті адамдар және орындаушы қол қояды.

2-тарау. Нысанды толтыру бойынша түсіндірме

5. 2-бағанда тарату балансы бабының атауы көрсетіледі.

6. 3-бағанда тарату балансы баптарының сомасы көрсетіледі.

Қазақстан Республикасының
Қаржы нарығын реттеу және
дамыту Агенттігінің

Басқармасының

2025 жылғы 26 ақпандағы

№ 7 Қаулысына

2-қосымша

Қазақстан Республикасы
Қаржы нарығын реттеу және
дамыту агенттігі

Басқармасының

2020 жылғы 14 желтоқсандағы

№ 116 қаулысына

2-қосымша

Әкімшілік деректерді
жинауға арналған
нысан

Ұсынылады: қаржы нарығы мен қаржы үйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органға

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысан интернет – ресурста орналастырылған: www.gov.kz/memleket/entities/ardfm

Әкімшілік нысанның атауы: Таратылатын банк активтерінің жай-күйі туралы есеп
Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанның индексі: F2-LKB
Кезеңділігі: ай сайынғы, жартыжылдық, жылдық

Есепті кезең: 20 ____ " ____ " " _____ " жағдай бойынша

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсынатын адамдар тобы: таратылатын банктердің тарату комиссиялары

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсыну мерзімі:

ай сайынғы есеп - есепті айдан кейінгі айдың 8 (сегізінші) күнінен кешіктірілмей ұсынылады;

бірінші жартыжылдық үшін есеп - 8 (сегізінші) шілдеден кешіктірілмей ұсынылады;

жылдық есеп - есепті жылдан кейінгі жылдың 30 (отзынышы) қаңтарынан кешіктірілмей ұсынылады

Бизнес сәйкестендіру номері_____

Жинау әдісі: қағаз жеткізгіште және электронды түрде

Нысан

Таратылатын банк активтерінің жай-күйі туралы есеп

(мың теңгемен)

№	Көрсеткіштер	Баланстық шоттың нөмірі	Тарату процесі басталардағы жағдай бойынша	Алдынғы есепті күнгі жағдай бойынша	Есепті күнгі жағдай бойынша
1	2	3	4	5	6
1.	Акша				
1.1	Кассадағы қолма-қол акша				
1.2	Жолдағы банкноттар мен монеталар				
2.	Корреспонденттік және ағымдағы шоттар				
3.	Бағалы қағаздар, оның ішінде:				
3.1	Бағалы қағаздар бойынша есептелген сыйақы				
4.	Салымдар, оның ішінде:				

4.1	есептелген сыйақы				
5.	Берілген қарыздар, оның ішінде:				
5.1	з а н д ы тұлғаларға:				
5.1.1	негізгі борыш				
5.1.2	есептелген сыйақы				
5.1.3	кеңілмен қамтамасыз етілген				
5.1.4	кеңілмен қамтамасыз етілмеген				
5.2	жеке тұлғаларға:				
5.2.1	негізгі борыш				
5.2.2	есептелген сыйақы				
5.2.3	кеңілмен қамтамасыз етілген				
5.2.4	кеңілмен қамтамасыз етілмеген				
6.	Басқа да корлар				
7.	Негізгі құралдар және материалдық емес активтер, оның ішінде:				
7.1	салынып жатқан (орнатылып жатқан) негізгі құралдар				
7.2	жер, гимараттар және құрылыштар				
7.3	компьютерлік жабдық				
7.4	басқа да негізгі құралдар				
7.5	жалға алынған гимараттар бойынша құрделі шығындар				

7.6	көлік кұралдары			
7.7	материалдық емес активтер			
8	Сатуга арналған ұзак мерзімді активтер			
9.	Басқа да активтер			
Актив бойынша жиынтығы, оның ішінде:				
резервтер (провизиялар)				
теріс түзету шоты				
есептелген амортизация				

кестенің жалғасы

Өзгерістер	
тарату процесі басталардағы деректермен салыстырғанда	алдыңғы есептің күніндегі деректермен салыстырғанда
7 (4-баган – 6-баган)	8 (5-баган – 6-баган)

Атауы _____ Мекенжайы _____

Телефоны _____

Электрондық пошта мекенжайы _____

Орындаушы _____

тегі, аты және әкесінің аты (ол бар болса) қолы, телефоны

Бас бухгалтер немесе есепке қол қоюға уәкілетті адам

тегі, аты және әкесінің аты (ол бар болса) қолы, телефон

Төраға немесе есепке қол қоюға уәкілетті адам

тегі, аты және әкесінің аты (ол бар болса) қолы, телефон

Күні 20 жылғы " ____ "

Таратылатын банк активтерінің
жай-күйі туралы есеп нысанына
қосымша

**Әкімшілік деректерді өтеусіз негізінде жинауға арналған нысанын толтыру жөніндегі
түсіндірме**

Таратылатын банк активтерінің жай-күйі туралы есеп (индекс: F2-LKB, кезеңділігі: ай
сайын, жартыжылдық, жылдық)

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірме (бұдан әрі – Түсіндірме) "Таратылатын банк активтерінің жай-күйі туралы есеп" нысанын (бұдан әрі – Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптарды айқындаиды.

2. Нысан "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 74-4-бабы 1-тармағының 2) тармақшасына сәйкес әзірленді.

3. Ай сайынғы есеп қантар, ақпан, наурыз, сәуір, мамыр, шілде, тамыз, қыркүйек, қазан, қараша үшін жасалады. Есептің айдан кейінгі айдың бірінші күні ай сайынғы есептің есептің күні болып табылады. Ай сайынғы есеп үшін алдыңғы есептің күн алдыңғы есептің есептің күні болып табылады.

Жартыжылдық есеп бірінші жартыжылдық үшін ұсынылады. Жартыжылдық есептің есептің күні жылдың 1 (бірінші) шілдесі болып табылады. 1 (бірінші) қантардан 30 (отзынышы) маусымға дейінгі бірінші жартыжылдық жартыжылдық есеп үшін есептің кезең болып табылады.

Жылдық есептің есептің күні есептің жылдан кейінгі жылдың 1 (бірінші) қантары болып табылады. Алдыңғы есептің жылдың есептің күні жылдық есеп үшін алдыңғы есептің жыл болып табылады.

4. Нысанда тарату комиссиясы есептің кезеңінің соңындағы жағдай бойынша жасайды. Нысандағы деректер мың теңгемен толтырылады. 500 (бес жұз) теңгеден кем сома 0 (нөлге) дейін дөңгелектенеді, ал 500 (бес жұз) теңгеге тен және одан жоғары сома 1000 (мың) теңгеге дейін дөңгелектенеді.

5. Нысанға тарату комиссиясының төрағасы, бас бухгалтер немесе есепке қол қоюға уәкілетті адамдар және орындаушы қол қояды.

2-тaraу. Есептің нысанын толтыру бойынша түсіндірме

6. Жартыжылдық есептің жасау кезінде Нысан маусым үшін жеке және бірінші жартыжылдық үшін жеке жасалады.

7. Жылдық есептің жасау кезінде Нысан желтоқсан үшін жеке және күнтізбелік жыл үшін жеке жасалады.

8. 3-бағанда Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6793 тіркелген "Екінші деңгейдегі банктердегі, ипотекалық ұйымдардағы, "Қазақстанның Даму Банкі" акционерлік қоғамындағы және Қазақстан Республикасының бейрезидент - банктердің филиалдарындағы бухгалтерлік есептің үлгі шот жоспарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2011 жылғы 31 қантардағы № 3 қаулысында көзделген баланстық шоттардың нөмірлері көрсетіледі.

9. "Резервтер (провизиялар)", "Теріс түзету шоттары", "Есептелген амортизация" жолдары әділ құны бойынша қайта бағалаумен байланысты активтер бойынша болған жағдайда толтырылады.

Қаржы нарығын реттеу және

дамыту Агенттігінің

Басқармасының

2025 жылғы 26 ақпандығы

№ 7 Қаулысына

3-қосымша

Қазақстан Республикасы

Қаржы нарығын реттеу және

дамыту агенттігі

Басқармасының

2020 жылғы 14 желтоқсандағы

№ 116 қаулысына

3-қосымша

Әкімшілік деректерді

жинауға арналған

нысан

Ұсынылады: қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі үәкілетті органға

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысан интернет – ресурста орналастырылған: www.gov.kz/memleket/entities/ardfm

Әкімшілік нысанның атауы: Таратылатын банк міндеттемелерінің жай-күйі туралы есеп

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанның индексі: F3-LKB

Кезеңділігі: ай сайын, жартыжылдық, жылдық

Есепті кезең: 20 _____ жылғы " ____ " " _____ " жағдай бойынша

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсынатын адамдар тобы: таратылатын банктердің тарату комиссиялары

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсыну мерзімі:

ай сайынғы есеп – есепті айдан кейінгі айдың 8 (сегізінші) күнінен кешіктірмей; бірінші жартыжылдық үшін есеп - 8 (сегізінші) шілдеден кешіктірмей;

жылдық есеп - есепті жылдан кейінгі жылдың 30 (отзынышы) қаңтарынан кешіктірмей

Бизнес сәйкестендіру номері _____

Жинау әдісі: қағаз жеткізгіште және электронды түрде

Нысан

Таратылатын банк міндеттемелерінің жай-күйі туралы есеп

(мың теңгемен)

№	Міндеттеме түрі	Кредиторлар талаптарының тізілімі бекітілген күні	Өткен есепті күні	Есепті күні	Өзгерістер	
					кредиторлар талаптарының тізілімі бекітілген күніндегі деректермен	өткен есеп күніндегі

					салыстырғанд а	деректермен салыстырғанд а
1	2	3	4	5	6 (5-баган – 3- баган)	7 (5-баган – 4- баган)
1.	Уәкілетті орган бекіткен кредиторлар талаңтарының тізіліміне сәйкес кредиторлард ың алдындағы міндеттемеле р					
1.1	1-кезек					
1.2	2-кезек					
1.3	3-кезек					
1.4	4-кезек					
1.5	5-кезек					
1.6	6-кезек					
1.7	7-кезек					
1.8	8-кезек					
1.9	9-кезек					
1.10	10-кезек					
2.	Кредиторлар талаңтарының тізіліміне енгізілмеген басқа кредиторлард ың алдындағы міндеттемеле р					
3.	Тарату өндірісінің ағымдағы берешегі, оның ішінде:					
3.1	еңбекақы төлеу жөніндегі тарату комиссиясы қызметкерлер інің алдында					
	банктің тарату					

3.2	комиссиясын ың ағымдағы салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер бойынша берешегі				
3.3	басқа берешек				
4.	Басқа кредиторлық берешек, оның ішінде:				
4.1	талап етілмеген кредиторлық берешек				
	Міндеттемеле р жиынтығы				

kesteniң жалғасы

Кредиторлар талаптарының тізілімі бекітілген күннен басталған кезең үшін өтелген, оның ішінде:				
акшамен	мұлікпен	өзара талаптарды есепке алу	нотариустың депозитіне аударумен	Ескерту
8	9	10	11	12

Атауы _____ Мекенжайы_____

Телефоны _____

Электрондық пошта мекенжайы _____

Орындаушы _____

тегі, аты және әкесінің аты (ол бар болса) қолы, телефоны

Бас бухгалтер немесе есепке қол қоюға уәкілетті адам

тегі, аты және әкесінің аты (ол бар болса) қолы, телефон

Төраға немесе есепке қол қоюға уәкілетті адам

тегі, аты және әкесінің аты (ол бар болса) қолы, телефон

Күні 20 жылғы "___" _____

Таратылатын банк
міндеттемелерінің жай-күйі
туралы есеп нысанына
қосымша

Әкімшілік деректердің өтеусіз негізінде жинауға арналған нысанын толтыру жөніндегі түсіндірme

Таратылатын банк міндеттемелерінің жай-күйі туралы есеп (индекс: F3-LKB, кезеңділігі: ай сайын, жартыжылдық, жылдық)

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірме (бұдан әрі – Түсіндірме) "Таратылатын банк міндеттемелерінің жай-күйі туралы есеп" нысанын (бұдан әрі – Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптарды айқындауды.

2. Нысан "Қазақстан Республикасындағы банктар және банк қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 74-4-бабы 1-тармағының 2) тармақшасына сәйкес әзірленді.

3. Ай сайынғы есеп қантар, ақпан, наурыз, сәуір, мамыр, шілде, тамыз, қыркүйек, казан, қараша үшін жасалады. Есептің айдан кейінгі айдың бірінші күні ай сайынғы есептің есептің күні болып табылады. Ай сайынғы есеп үшін өткен есептің күн өткен есептің есептің күні болып табылады.

Жартыжылдық есеп бірінші жартыжылдық үшін ұсынылады. Жартыжылдық есептің есептің күні жылдың 1 (бірінші) шілдесі болып табылады. 1 (бірінші) қантардан 30 (отзыншы) маусымға дейінгі бірінші жартыжылдық жартыжылдық есеп үшін есептің кезең болып табылады.

Жылдық есептің есептің күні есептің жылдан кейінгі жылдың 1 (бірінші) қантары болып табылады. Өткен есептің жылдың есептің күні жылдық есеп үшін өткен есептің жыл болып табылады.

4. Нысанды тарату комиссиясы есептің кезеңінде соңындағы жағдай бойынша жасайды. Нысандардың деректер мың теңгемен толтырылады. 500 (бес жұз) теңгеден кем сома 0 (нөлге) дейін дөңгелектенеді, ал 500 (бес жұзге) теңгеге тең және одан жоғары сома 1000 (мың теңгеге) дейін дөңгелектенеді.

5. Нысанға тарату комиссиясының төрағасы, бас бухгалтер және есепке қол қоюға уәкілетті адамдар, орындаушы қол қояды.

2-тарау. Нысанды толтыру бойынша түсіндірme

6. 3-бағанда кредиторлар талаптарының әрбір кезегі бөлінісінде уәкілетті орган бекіткен "Қазақстан Республикасындағы банктар және банк қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 74-2-бабының 3-тармағына сәйкес кредиторлар талаптарының тізілімін бекіту күніне деректер көрсетіледі.

7. 8, 9, 10, 11-бағандарда кредиторлар алдындағы міндеттемелерді орындау тәсілдері көрсетіледі

8. 12-бағанда 6-бағанда көрсетілген өзгерістердің себептері, оның ішінде уәкілетті орган бекіткен кредиторлар талаптарының тізіліміне өзгерістер және (немесе) толықтырулар және (немесе) бағамдық айырма көрсетіледі.

9. Жартыжылдық есепті жасау кезінде Нысан маусым үшін жеке және бірінші жартыжылдық үшін жеке жасалады.

10. Жылдық есепті жасау кезінде Нысан желтоқсан үшін жеке және күнтізбелік жыл үшін жеке жасалады.

Қазақстан Республикасының
Қаржы нарығын реттеу және
дамыту Агенттігінің
Басқармасының
2025 жылғы 26 акпандагы
№ 7 Қаулысына
4-қосымша

Қазақстан Республикасы
Қаржы нарығын реттеу және
дамыту агенттігі
Басқармасының
2020 жылғы 14 желтоқсандағы
№ 116 қаулысына
4-қосымша

Әкімшілік деректерді
жинауга арналған
нысан

Ұсынылады: қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органға

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауга арналған нысан интернет – ресурста орналастырылған: www.gov.kz/memleket/entities/ardfm

Әкімшілік нысанның атауы: Қызметі тоқтатылатын Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкі филиалының активтері мен міндеттемелері туралы есеп

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауга арналған нысанның индексі: F4-LKB
Кезеңділігі: ай сайын, жартыжылдық, жылдық

Есепті кезең: 20 _____ жылғы " ____ " " _____ " жағдай бойынша

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауга арналған нысанды ұсынатын адамдар тобы: қызметі тоқтатылатын Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкі филиалының тарату комиссиялары

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауга арналған нысанды ұсыну мерзімі:
ай сайынғы есеп – есептің айдан кейінгі айдың 8 (сегізінші) күнінен кешіктірмей;
бірінші жартыжылдық үшін есеп - 8 (сегізінші) шілдеден кешіктірмей;

жылдық есеп - есептің жылдан кейінгі жылдың 30 (отзынышы) қаңтарынан кешіктірмей

Бизнес сәйкестендіру номері _____

Жинау әдісі: қағаз жеткізгіште және электронды түрде

Нысан

**Қызметі тоқтатылатын Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкі филиалының
активтері мен міндеттемелері туралы есеп**

(мың теңгемен)

Баптың атауы	Есепті кезең соңында	Откен жылдың соңында
1	2	3
Резерв ретінде қабылданған активтер		
...		
...		
Активтердің жиынтығы		
...		
...		
Міндеттемелердің жиынтығы		
Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкі бас офисінің шоты		
...		
Резервтер		
...		
Филиал қызметінің нәтижелері		
...		
Міндеттемелердің жиынтығы, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкі бас офисінің шоты, филиал қызметінің резервтері мен нәтижелері		

Атауы _____ Мекенжайы _____

Телефоны _____

Электрондық пошта мекенжайы _____

Орындаушы _____

тегі, аты және әкесінің аты (ол бар болса) қолы, телефоны

Бас бухгалтер немесе есепке қол қоюға уәкілетті адам

_____ тегі, аты және әкесінің аты (ол бар болса) қолы, телефон

Төраға немесе есепке қол қоюға уәкілетті адам

_____ тегі, аты және әкесінің аты (ол бар болса) қолы, телефон

Күні 20 жылғы " ____ "

бейрезидент-банкі филиалының
активтер мен міндеттемелер
туралы есебінің нысанына
қосымша

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізінде жинауга арналған нысанын толтыру жөніндегі түсіндірме

Кызметі тоқтатылатын Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкі филиалының активтер мен міндеттемелер туралы есеп (индекс: F4-LKB, кезеңділігі: ай сайынғы, жарты жылдық, жылдық)

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірме (бұдан әрі – Түсіндірме) "Кызметі тоқтатылатын Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкі филиалының активтер мен міндеттемелер туралы есеп" нысанын (бұдан әрі – Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптарды айқындауды.

2. Нысан "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 74-4-бабы 1-тармағының 2) тармақшасына сәйкес әзірленді.

3. Кызметі тоқтатылатын Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкі филиалының активтер мен міндеттемелер туралы есеп қантар, ақпан, наурыз, сәуір, мамыр, шілде, тамыз, қыркүйек, қазан, қараша үшін жасалады. Есептің айдан кейінгі айдың бірінші күні ай сайынғы есептің есептің күні болып табылады. Алдыңғы есептің есептің күні ай сайынғы есеп үшін алдыңғы есептің күн болып табылады.

Жартыжылдық есеп бірінші жартыжылдық үшін ұсынылады. Жылдың 1 (бірінші) шілдесі жартыжылдық есептің есептің күні болып табылады. 1 (бірінші) қантардан бастап 30 (отызыншы) маусымға дейін бірінші жарты жылдық жартыжылдық есептің есепті кезеңі болып табылады.

Есептің жылдан кейінгі жылдың 1 (бірінші) қантары жылдық есептің есептің күні болып табылады. Алдыңғы жылдық есептің есептің күні жылдық есеп үшін алдыңғы есептің күн болып табылады.

4. Нысан есепті кезеңнің соңындағы жағдай бойынша жасалады. Нысанда деректер мың теңгемен толтырылады. 500 (бес жүз) теңгеден кіші сома 0 (нөлге) дейін дөңгелектенеді, ал 500 (бес жүз) теңгеге тең және одан жоғары сома 1000 (мың) теңгеге дейін дөңгелектенеді.

5. Нысанға тарату комиссиясының төрағасы, бас бухгалтер немесе есепке қол қоюға үәкілетті адамдар және орындаушы қол қояды.

2-тарау. Есеп нысанын толтыру бойынша түсіндірме

6. Жартыжылдық есеп осы нысан бойынша бірінші жартыжылдықтағы қорытынды деректер келтірілмей маусым үшін жасалады.

7. Жылдық есеп осы нысан бойынша жылдық қорытынды деректер берілмейді желтоқсан үшін жасалады.

Қазақстан Республикасының

Қаржы нарығын реттеу және

дамыту Агенттігінің

Басқармасының

2025 жылғы 26 акпандағы

№ 7 Қаулысына

5-қосымша

Қазақстан Республикасы

Қаржы нарығын реттеу және

дамыту агенттігі

Басқармасының

2020 жылғы 14 желтоқсандағы

№ 116 қаулысына

5-қосымша

Әкімшілік деректерді

жинауға арналған

нысан

Ұсынылады: қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органға

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысан интернет – ресурста орналастырылған: www.gov.kz/memleket/entities/ardfm

Әкімшілік нысанның атауы: Таратылатын банктің, қызметі тоқтатылатын Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкі филиалының касса және ағымдағы шоттар бойынша ақша қалдықтары және қозғалысы туралы есеп

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанның индексі: F5-LKB
Кезеңділігі: ай сайын, жартыжылдық, жылдық

Есепті кезең: 20 ___ жылғы "___" _____ жағдай бойынша

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсынатын адамдар тобы: таратылатын банктің, қызметі тоқтатылатын Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкі филиалының тарату комиссиялары

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсыну мерзімі:
ай сайынғы есеп - есептің айдан кейінгі айдың 8 (сегізінші) күнінен кешіктірмей;
бірінші жартыжылдық үшін есеп - 8 (сегізінші) шілдеден кешіктірмей;

жылдық есеп - есептің жылдан кейінгі жылдың - 30 (отзынышы) қаңтарынан кешіктірмей

Бизнес сәйкестендіру номері _____

Жинау әдісі: қағаз жеткізгіште және электронды түрде

Нысан

**Таратылғатын банктің, қызметі тоқтатылғатын Қазақстан Республикасының
бейрезидент-банкі филиалының касса және ағымдағы шоттар бойынша ақша қалдықтары
және қозғалысы туралы есеп**

(мың теңгемен)

№	Көрсеткіш атаяуы	Есепті кезеңде барлығы
1	2	3
1	Алдыңғы есептің күнге ақша қалдығы, оның ішінде:	
1.1	кассадағы қолма-қол ақша	
1.2	ағымдағы шот	
1.3	басқа да қарожат	
2	Ақшаның түсі, оның ішінде:	
2.1	Қарыздар бойынша берешекті өтеуден	
2.2	басқа да дебиторлық берешекті өтеуден	
2.3	мұлікті сатудан	
2.4	аукционға қатысу үшін кепіл жарнасы есебінен	
2.5	кассадан ағымдағы шотқа қолма-қол ақшаны есептеу есебінен	
2.6	басқа да түсімдер	
3	Ақша шығысы, оның ішінде:	
3.1	Тарату комиссиясының қызметін қамтамасыз етуге	
3.2	кредиторлар талаптарының тізіліміне сәйкес кредиторлармен есептесулерді жүзеге асыруға	
3.3	кәте нұсқаулар бойынша түскен ақшаны қайтару бойынша	
3.4	банктік шоттары жабылған адамдардың пайдасына түскен және түсетін ақшаны қайтару бойынша	
3.5	берешегі болмаған кезде банк лицензиясынан айырылғаннан кейін олардың банктік шоттарына түскен ақша аударымдары бойынша клиенттердің нұсқауларын орындау бойынша	
3.6	ағымдағы шотты толтыру үшін кассадан қолма-қол ақшаны инкассациялау	

3.7	аукционға қатысу үшін есептелген кепіл жарнасын қайтару
3.8	басқа да шығыстар
4	Есепті күнге акша қалдығы, оның ішінде:
4.1	кассадағы қолма-қол акша
4.2	ағымдағы шот
4.3	басқа да қаражат

Атауы _____

Мекенжайы _____

Телефоны _____

Электрондық пошта мекенжайы _____

Орындаушы _____

тегі, аты және әкесінің аты (ол бар болса) қолы, телефоны

Бас бухгалтер немесе есепке қол қоюға уәкілетті адам

тегі, аты және әкесінің аты (ол бар болса) қолы, телефон

Төраға немесе есепке қол қоюға уәкілетті адам

тегі, аты және әкесінің аты (ол бар болса) қолы, телефон

Күні 20 жылғы " ____ "

Таратылатын банктің,
қызметі тоқтатылатын
Қазақстан Республикасының
бейрезидент-банкі филиалының
касса және ағымдағы шоттар
бойынша акша қалдықтары және
қозғалысы туралы
есеп нысанына
қосымша

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізінде жинауға арналған нысанын толтыру жөніндегі түсіндірме

Таратылатын банктің, қызметі тоқтатылатын Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкі филиалының касса және ағымдағы шоттар бойынша акша қалдықтары және қозғалысы туралы есеп (индексі: F5-LKB, кезеңділігі: ай сайын, жартыжылдық, жылдық)

1-тaraу. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірме (бұдан әрі – Түсіндірме) "Таратылатын банктің, қызметі тоқтатылатын Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкі филиалының касса және ағымдағы шоттар бойынша акша қалдықтары және қозғалысы туралы есеп" нысанын (бұдан әрі – Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптарды айқындайды.

2. Нысан "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 74-4-бабы 1-тармағының 2) тармақшасына сәйкес өзірленді.

3. Ай сайынғы есеп қантар, ақпан, наурыз, сәуір, мамыр, шілде, тамыз, қыркүйек, қазан, қараша үшін жасалады. Есептің айдан кейінгі айдың бірінші күні ай сайынғы есептің есептің күні болып табылады. Алдыңғы есептің есептің күні ай сайынғы есеп үшін алдыңғы есептің күні болып табылады.

Жартыжылдық есеп бірінші жартыжылдық үшін ұсынылады. Жылдың 1 (бірінші) шілдесі жартыжылдық есептің есептің күні болып табылады. 1 (бірінші) қантардан бастап 30 (отзынышы) маусымға дейін бірінші жарты жылдық жартыжылдық есептің есепті кезеңі болып табылады.

Есептің жылдан кейінгі жылдың 1 (бірінші) қантары жылдық есептің есептің күні болып табылады. Алдыңғы жылдық есептің есептің күні жылдық есеп үшін алдыңғы есептің күні болып табылады.

4. Нысанды тарату комиссиясы есепті кезең соңындағы жағдай бойынша жасайды. Нысандарды деректер мың теңгемен толтырылады. 500 (бес жүз) теңгеден аз сома 0 (нөлге) дейін дөңгелектенеді, ал 500 (бес жүзге) тең және одан жоғары сома 1000 (мың) теңгеге дейін дөңгелектенеді.

5. Нысанға тарату комиссиясының төрағасы, бас бухгалтер немесе есепке қол қоюға уәкілетті адамдар және орындаушы қол қояды.

2-тaraу. Есептің нысанды толтыру бойынша түсіндірме

6. Жартыжылдық есепті қалыптастырған кезде Нысан маусым үшін жеке және бірінші жартыжылдық үшін жеке жасалады.

7. Жылдық есепті жасаған кезде Нысан желтоқсан үшін жеке және күнтізбелік жыл үшін жеке жасалады.

Қазақстан Республикасының

Қаржы нарығын реттеу және

дамыту Агенттігінің

Басқармасының

2025 жылғы 26 ақпандары

№ 7 Қаулысына

6-қосымша

Қазақстан Республикасы

Қаржы нарығын реттеу және

дамыту агенттігі

Басқармасының

2020 жылғы 14 желтоқсандағы

№ 116 қаулысына

6-қосымша

Әкімшілік деректерді

жинауга арналған

нысан

Ұсынылады: қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органға

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысан интернет – ресурста орналастырылған: www.gov.kz/memleket/entities/ardfm

Әкімшілік нысанның атауы: Таратылатын банктің, қызметі тоқтатылатын Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкі филиалының дебиторлық берешегінің жай-күйі туралы есеп

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанның индексі: F6-LKB

Кезеңділігі: ай сайын, жартыжылдық, жылдық

Есепті кезең: 20 __ жылғы " __ " _____ жағдай бойынша

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсынатын адамдар тобы: таратылатын банктердің, қызметі тоқтатылатын Қазақстан Республикасының бейрезидент-банктері филиалдарының тарату комиссиялары

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсыну мерзімі:

ай сайынғы есеп - есепті айдан кейінгі айдың 8 (сегізінші) күнен кешіктірмей;

бірінші жартыжылдық үшін есеп - 8 (сегізінші) шілдеден кешіктірмей;

жылдық есеп - есепті жылдан кейінгі жылдың 30 (отзынышы) қантарынан кешіктірмей

Бизнес сәйкестендіру номері _____

Жинау әдісі: қағаз жеткізгіште және электронды түрде

Нысан

Таратылатын банктің, қызметі тоқтатылатын Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкі филиалының дебиторлық берешегінің жай-күйі туралы есеп

(мың теңгемен)

№	Мәліметтер тізбесі	Занды тұлғалар		Жеке тұлғалар	
		Саны	Сомасы	Саны	Сомасы
1	2	3	4	5	6
1.	Дебиторлық берешек, есепті күнге				
1.1	Берілген қарыздар, оның ішінде:				
1.1.1	90 күннен асатын негізгі борыш және (немесе) сыйақы бойынша мерзімі өткен берешегі бар қарыздар				

1.1.2	басқа да қарыздар				
1.2	Өзге дебиторлық берешек, оның ішінде:				
1.2.1	банктік қызмет бойынша				
1.2.2	банктік емес қызмет бойынша				
2.	Берілген қарыздар бойынша сотка талап арыздар берілді				
3	Өзге дебиторлық берешек бойынша сотқа талап арыздар берілді				
3.1	банктік қызмет бойынша				
3.2	банктік емес қызмет бойынша				

кестенің жалғасы

Барлығы		Ескерту
Саны	Сомасы	
7	8	9

Атауы _____ Мекенжайы _____

Телефоны _____

Электрондық пошта мекенжайы _____

Орындаушы _____

тегі, аты және әкесінің аты (ол бар болса) қолы, телефоны

Бас бухгалтер немесе есепке қол қоюға уәкілетті адам

тегі, аты және әкесінің аты (ол бар болса) қолы, телефон

Төраға немесе есепке қол қоюға уәкілетті адам

тегі, аты және әкесінің аты (ол бар болса) қолы, телефон

Күні 20 жылғы " ____ "

Таратылатын банктің,
қызметі тоқтатылатын
Қазақстан Республикасының
бейрезидент-банкі филиалының
дебиторлық берешегінің жай-

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізінде жинауға арналған нысанын толтыру жөніндегі түсіндірме

Таратылатын банктің, қызметі тоқтатылатын Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкі филиалының дебиторлық берешегінің жай-күйі туралы есеп (индексі: F6-LKB, кезеңділігі: ай сайын, жартыжылдық, жылдық)

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірме (бұдан әрі - Түсіндірме) "Таратылатын банктің, қызметі тоқтатылатын Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкі филиалының дебиторлық берешегінің жай-күйі туралы есеп" нысанын (бұдан әрі - Нысан) толтыру бойынша бірынғай талаптарды айқындауды.

2. Нысан "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 74-4-бабы 1-тармағының 2) тармақшасына сәйкес әзірленді.

3. Ай сайынғы есеп қантар, ақпан, наурыз, сәуір, мамыр, шілде, тамыз, қыркүйек, қазан, қараша үшін жасалады. Есептің айдан кейінгі айдың бірінші күні ай сайынғы есептің есептің күні болып табылады.

Жартыжылдық есеп бірінші жартыжылдық үшін ұсынылады. Жылдың 1 (бірінші) шілдесі жартыжылдық есептің есептің күні болып табылады. 1 (бірінші) қантардан бастап 30 (отзынышы) маусымға дейін бірінші жарты жылдық жартыжылдық есептің есептің кезеңі болып табылады.

